

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «ТОБАНИЯЗ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ
ТОБАНИЯЗА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МАНГИСТАУСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ № 92/1 – НК

08.09.2023ж

Акшымырау ауылы

Кеңестер құру туралы

1. «Жігер» ұлдар кеңесімен «Қызғалдақ» қыздар кеңесі «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ – нің оқушылары арасында құрылсын.
2. «Жігер» ұлдар кеңесі мен «Қызғалдақ» қыздар кеңесінің құрамы бекітіліп, жылдық жоспары жасақталсын.
3. Кеңестің жұмыс қорытындысы директор жанындағы отырыста қаралсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуы тәрбие жөніндегі орынбасар А.Батыроваға жүктелсін.

Негізі: өндірістік қажеттілік.

Директордың м.а.



А.Бекова

Бекітемін:.....
ДТЖО Аманбаева А.

Қыздар мен жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	<ul style="list-style-type: none">«Ұл бала мен қыз бала сыйластығы»	Сыныптан тыс	Сынып жетекшісі
2	Қазан	<ul style="list-style-type: none">«Әдеп ең қымбат мирас»«Маған өмір керек, мен өмірге керекпін»	Сынып сағаты Пікір алмасу	Сынып жетекшісі Сынып жетекшісі
3	Қараша	<ul style="list-style-type: none">«Мектеп формасы – 2024»	Коллаж	Сынып қыздары
4	Желтоқсан	<ul style="list-style-type: none">«Шаш өру – қазақ қызына тән»	Сайыс	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
5	Қаңтар	<ul style="list-style-type: none">«Қызға нәзіктік, ұлға батылдық»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
6	Ақпан	<ul style="list-style-type: none">Қыз бала гигиенасымен таныстыру	Пікір алмасу	Медбике
7	Наурыз	<ul style="list-style-type: none">«Қыз бала» туралы мақал –мәтелдер, өлеңдер, нақыл сөздер жинау	Кітапша жасау	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
8	Сәуір	<ul style="list-style-type: none">«Қыз қырық үйден тиым»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
9	Мамыр	<ul style="list-style-type: none">«Қыздарға кеңес»	Пікір алмасу	Медбике, тәлімгер, сынып жетекшісі

Қыздар ұйымының жетекшісі:



А.Азирбаева

«Қызғалдақ» ұйымының мүшелері.

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы
		28.07.2013
1	Қуандық Нұрайна	19.05.2014
2	Берікқызы Әсия	18.12.2013
3	Қалдыбек Еңілік	31.03.2014
4	Балталықызы Ақнұр	28.09.2012
5	Лепесова Айдана	14.06.2013
6	Дағыстан Аружан	13.07.2012
7	Аманбек Айша	30.10.2011
8	Шакар Айша	31.05.2011
9	Жоламан Нұргүл	26.12.2012
10	Көңбай Жансая	17.09.2010
11	Аманбек Ақсұңқар	13.04.2011
12	Абдулла Нұрсила	16.09.2009
13	Бурабекқызы Балауса	16.03.2010
14	Қуандық Айтолқын	27.10.2009
15	Қуанғалиқызы Жанерке	05.01.2010
16	Батырбек Балнұр	13.05.2008
17	Халықбай Айша	16.08.2008
18	Айтман Ақтілек	22.08.2007
19	Талғатқызы Таңшолпан	29.03.2008
20	Сағатқызы Ақниет	

Қатысқандар: 40

Хатшы – А.Асылбекқызы

Тақырыбы:

Қыз бала отбасының шырайы!

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. «Қызғалдақ»қыздар ұйымының мүшелерін тағайындау.
 2. Қыз бала гигиенасымен таныстыру
- Мақсаты: әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.
 - Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізу .

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Қызғалдақ»қыздар ұйымының жетекшісі Азирбаева Айша сөз сөйледі. «Қызғалдақ» ұйымының жылдық жоспарымен және мақсаттары мен міндеттерін таныстырып өтті. Әр сыныптан екі қыз баладан «Қызғалдақ»қыздар ұйымының мүшелерін тағайындады.

Қаулы:

Қыз балалардың тәртібі А.Азирбаеваға тапсырылсын.

5^Асыныбынан-Қуандық Нұрайна, Берікқызы Әсия
5^Әсыныбынан-Қалдыбек Еңлік, Балталықызы Ақнұр
6сыныбынан-Лепесова Айдана, Дағыстан Аружан
7сыныбынан-Аманбек Айша, Шакар Айша
8^Асыныбынан-Жоламан Нұргүл, Қосбай Жансая
8^Әсыныбынан-Аманбек Ақсұңқар, Абдулла Нұрсила
9^Асыныбынан-Бурабекқызы Балауса, Қуандық Айтолқын
9^Әсыныбынан-Қуанғалиқызы Жанерке, Батырбек Балнұр
10 сынып-Халықбай Айша, Айтман Ақтілек
11 сынып-Талғатқызы Таңшолпан, Сағатқызы Ақниет
«Қызғалдақ»қыздар ұйымының мүшелері болып тағайындалсын.

Қатысқандар: 40

Хатшы – А.Асылбекқызы

Тақырыбы: **Әдеп – ең қымбат мирас!**

Күн тәртібіндегі мәселесі:

1. Қыз бала әдебі туралы.

2. Оқушы формасы.

Мақсаты:

Қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа, ар – намысын, тазалығын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой – өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Аудандық аналар кеңесінің мүшесі Ақшымырау ауылдық аналар кеңесінің төрайымы»

Жұмағалиева Дариға апай сөз сөйледі. Қыз баланы қырық үйден тыю керек екендігін айтты. Қыз баланың бойында әдептілік, сыпайылық, инабаттылық, шынайылық, ар-намыс, тазалық, сұлулық болу керек деді. Көркем тілде көркем әдебиеттерден мысал келтіріп, қыз балаларға көркем түрде жеткізді. Қыз балалар өздеріне айтылған ақыл-кеңестерді өздеріне жақсы қабылдады.

Қаулы: Қыз балалардың әдебі «Қызғалдақ» қыздар ұйымының жетекшісі А.Азирбаеваға міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Бекова сөз сөйледі. Қыз бала мектеп формасын сақтап жүру керек екендігін айтты. Қыз балалар міндетті ақ бантик, ақ кофта, тізеден бір қарыс түсетін юпка, 15-інші желтоқсаннан 1-наурызға дейінгі аралықта классикалық үлгідегі шалбар киюге рұқсат беретінін айтты.

ХАТТАМАСЫ №3

Іс-шара атауы: «Қыз бала – ұлт болашағы: жеке гигиенаның маңызы»

Өткізу түрі: Ашық пікірлесу, ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Өткізілген күні: 2025 жылғы 14 ақпан

Уақыты: 14:00 – 15:00

Өткізілген орны: 7-сынып кабинеті

Қатысушылар: 6-8сынып қыздары, мектеп мейірбикесі

Қатысушылар саны: 25 оқушы

Мақсаты:

Қыз балалардың жасөспірімдік кезеңінде денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасын дұрыс ұстану, өзін-өзі күту мәдениетін қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:

Пікірлесу барысында мейірбике (немесе сынып жетекшісі) қыз баланың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер туралы айтты. Жеке гигиенаның маңызды қағидалары түсіндірілді: денені таза ұстау, киім тазалығы, шаш күтімі, тері күтімі, етеккір кезеңіндегі гигиена, дұрыс тамақтану және психологиялық гигиена. Қыз балалар тарапынан сұрақтар қойылып, өзара ой бөлісу ұйымдастырылды. Гигиеналық құралдарды дұрыс пайдалану жайында визуалды нұсқаулық көрсетілді.


Қойылған сұрақтар:

1. Етеккір кезінде қандай гигиеналық құралдарды қолданған дұрыс?
2. Жасөспірім кезінде беттегі безеулерді қалай болдырмауға болады?
3. Жеке гигиенаны сақтамаған жағдайда қандай аурулар туындауы мүмкін?

Шешім / ұсыныстар:

- Қыз-балаларға гигиеналық құралдарды өзімен бірге алып жүру әдетін қалыптастыру
- Ай сайын гигиена тақырыбында шағын әңгіме-сабақтар өткізу
- Қыз бала тәрбиесіне қатысты ата-аналармен бірлескен шара ұйымдастыру

Аты-жөні: мектеп мейірбикесі Талапбаева Г

Қолы: 

«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ

№4

Өткізу күні: 2025 жылғы 11 сәуір

Өткізу орны: Акт залы

Тақырыбы: «Қызды қырық үйден тыйым»

Форматы: Дөңгелек үстел

Қатысушылар: мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар комитеті, 9–11 сынып қыздары, мектеп психологы, шақырылған қонақтар

Мақсаты: Қыз балалардың мінез-құлық мәдениеті мен тәрбиесіне ұлттық көзқарас тұрғысынан көңіл бөлу, отбасы мен мектеп арасындағы тәрбиелік байланысты күшейту.

Күн тәртібі:

1. **Кіріспе сөз** – Мектеп директоры **Бекова А.**
2. **Баяндама** – Мектеп психологы: Сайынова И
«Қыз тәрбиесі – ұлттық тәрбиенің тірегі»
3. **Қонақ сөздері:** Әйелдер кеңесінің өкілі, мектеп инспекторы
4. **Пікірталас:** Қатысушылар арасындағы ой бөлісу, ұсыныстар айту
5. **Қорытынды сөз** – Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманбаева А

Талқыланған мәселелер:

- Қыз баланың отбасындағы, мектептегі рөлі
- Ұлттық тыйымдардың тәрбиелік мәні
- Қыз бала қауіпсіздігі және өз-өзіне жауапкершілік
- Қазіргі заманның тәрбиелік қиындықтары

Шешімдер:

1. Қыздарға арналған арнайы тәрбие сағаттарын өткізу;
2. «Қыз тәрбиесі – болашақ кепілі» атты айлық ұйымдастыру;
3. Мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланысты дамыту;
4. Қыз балаларға арналған этикалық әңгімелер мен кездесулер жиі өткізу.

Хатшы:

Асылбекова А

Келісілді:

Директор **Бекова А.**

Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп.КММ-де 12.09.2024 күні "Қыз бала - отбасының шырайы" тақырыбында "Қызғалдақ" ұйымның және "Жігер" ұлдар ұйымының жиналысы болды. Мақсаты: қыз балаларға және ұл балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, ұл, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/1Qq8yhXcfj/>



Ақпарлама

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп.КММ-де 28- қараша күні “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында "Әдеп -ең қымбат мирас"тақырыбында 5-11 сынып қыз балалары арасында жиналыс өткізілді.Ұйымдастырушы "Аудандық аналар кеңесінің мүшесі, Ақшымырау ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Жұмағалиева Дариға апай және "Қызғалдақ"қыздар ұйымының жетекшісі Азирбаева Айша .Негізгі мақсаты;Қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа, арнамысын,тазалығын, сұлулығын жоғары қоя біліп,жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу.Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой-өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің,қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

<https://www.facebook.com/share/19bfoP9cYc/>



Ақпарат

Ұйымдастырушы педагог Суйшбекова Жанылсын апай " және Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "Ата көрген-оқ жонар, Шеше көрген тон пішер"атты танымдық шара өткізді.

Мақсаты: Ата-ана, мектеп үштіктің бір-бірімен тығыз байланыста болуын насихаттау. Оқушыларды ұмыт болып бара жатқан, тұрмыста қолданылған заттарды жасалу жолын үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/161urxfstY/>



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ-де "Өнер- асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығы бойынша АӘЖТД пәнінен 10-11 сынып қыз балалар арасында "Мерген ару" сайысы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, қыз балалардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру және оқушылардың бойында әскери-техникалық білім, білік және дағды қалыптастыру.



Ақпарат

12.03.25 күні “Тобанияз ЖББМ” КММ-де “Қыз өссе-елдің көркі” атты мерекелік шара өтті. Мақсаты: Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу.

Шарада бұрымды арулар әр түрлі шаш өрімдерін өріп, шебер арулар түйме қадап, тігіс түрлерін көрсете білсе, мерген аруларымыз оқты қашықтықтан нысанаға ату шеберліктерін сынап, калашников автоматын белгілі бір секунд ішінде жартылай бөлшектеп шашып-жинау арқылы шапшаңдықтарын көрсете білді. Мерекелік шара жоғары деңгейде өтті.



Тақырыбы: “Қыз өссе-елдің көркі”

I - жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар, аяулы оқушылар, барша көрермендер!

Бүгінгі «Қыз өссе елдің көркі» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!

Арайлы көктем мезгілімен тұспа-тұс келетін амал мерекесі баршаңызға құтты болсын!

Бүгінгі мерекелік шарамыздың мақсаты- қыздарымызға ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б. жан - жақты ұлттық патриоттық қасиеттерін таныта білу, қазақ халқының ұлттық өнерін, салт - дәстүрін дәріптеуге үйрету, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, шеберлігін дамыту болып саналады.

Өнер-білім, өнеге тұнған дарын .

Өнерліге өз басым таң қаламын.

Өнерді әділдікпен бағалайтын

Таныстырайын әділқазы алқаларын-дей отыра, бүгінгі сайыстағы әділ-қазы алқаларын таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары жаздай күліп жайраңдаған.

«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам-дей отырып,

бүгінгі шарамыздың кезеңдерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

1. “Бұрымды ару” кезеңі
2. “Шебер ару” кезеңі
3. “Мерген ару” кезеңі

Қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Әсіресе қыз баланың көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөліп, «Аттың көркі - жалы, қыздың

көркі - шашы» деп қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Шаштарын «қос бұрым» немесе «бестемше» етіп өру бойжеткен қыздың көркі болған. Қазақ халқының жырларында қазақ қыздарының шаштарын керемет суреттеген: «Шашының ұзындығы ізін басқан», «Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты»

Көрінер қыздар сұлу шашбауымен,

Бұрымын кейін серпіп тастауымен.

Жарасқан шашбауымен теңгелерім

Теңгенің кім біліпті дөңгелегін.

Қос бұрымды сұлулықтың белгісі деп таныған халқымыз қыздардың шаштарын өсіріп ұшына зергердің қолынан шыққан шашбау, шолпы тағып, сұлулыққа жастайынан баулыған, қыз балаға керек қасиет – талғам, жарасым, ақыл, білім, іскерлік өмір тіршілігінен нәр алып тамырға жайылады. Ендеше, «Бұрымды қыздар» кезеңін бастайық. Бұл сайыс - шаш өру өнері.(өрілген шашты түсіндіру). Әр топтағы бірінші қыз екінші қыздың шашын өреді. Әр қатысушы қыз шаштарының ұзындығын анықтау мақсатында әділ қазылар алқасына көрсетеді, Шаш өрушы қыз Өрген шашын сипаттап береді, сол арқылы бұрымды қыз екендігін көрсетеді. Олай болса, шаштарыңызды көрсетіп, шаш өруді бастай берсеңіздер болады.

Екінші бөлім: Ал кімнің өнері бар қаншалықты,

Кілемге біреулер өрнек салыпты.

Терме ұстап, енді бірі ши тоқыса,

Оюдан түйін түйіп тамсаныпты-дей келе келесі кезең “Шебер ару” кезеңі

.Бұл бөлімде қатысушы 5-7 сынып аралығындағы қыздар берілген

тапсырманы орындай отырып, өз шеберліктерін көрсетеді.

1. “Мерген ару” бөлімі. Ел басына күн туған кезеңде майдан даласына аттанған, толарсақтан қан кешіп жүріп ерліктің ерен үлгісін көрсеткен батыр аналарымыз туралы бәріміз білеміз. Сын сағатта ерлермен бірге атқа қонып, қолына қару алған Алаштың мерген қыздарының ерлігін насихаттай білсек, бүгінгі өскелең ұрпақтың рухын көтеретіні анық.

Үшінші бөлімде патриоттық сезімді дамытуға арналған, Мерген ару кезеңі деп аталады.

Бұл кезеңде Қатысушы қыздар өздерінің мергендік қабілетін және шапшаңдық қабілетін сынайды. Яғни, түрегеліп тұрып қашықтықта оқты нысанаға дәл тигізуі керек. Ең жоғарғы балл жинаған мерген оқушы жеңімпаз атанады. Және Калашников автоматын жартылай бөлшектеп

шашып жинаулары керек. Шарты: Автоматты мүдірмей уақытқа қарай отырып шашып жинауы керек.. Ең қысқа уақытта шашып жинаған оқушы жеңімпаз атанады.

Олай болса, қатысушыларымызды ортаға шақырамыз.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын,
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін, деп - Абай атамыз жырлағандай,
“Бұрымды қыз” бөлімінде қатысушы қыздарды ортаға шақырамыз. Өз жұмыстарыңызды таныстырып өтсеңіздер:

Қандай жақсы жүргенің, тұрғандарың,
Бойыңа жинағандай өнер бағын.
«Ана көрген тон пішер» деген бар ғой,
Өнерлілер көрсетсін бұйымдарын -дей келе шебер аруларымыздың : Өз жұмыстарыңызды көрсетсеңіздер:

Құрметті әділқазылар алқасы оқушылардың өнерлерін бағалаңыздар.

Мерекелік шарамыз өз мәресіне жетті.Сөз кезегін Әділ қазы алқаларына берсек: Әділ қазы алқалары өз шешімдерін шығарғанша,кезекті әсем әуенге берейік.

Құрметті көрермендер. біздің шебер, іскер және қиыннан қиыстырар тапқыр оқушылар өнерін тамашаладыңыздар. Өнер - құдірет, күш, адамның жан серігі, рухани байлығы. Кез келген озып шықпайды, талапты, өнерлі оқушы жарқырап біріншілікке шығады. Талант пен өнер атаулының көтерілер шыңы - дарындылық. Осындай сайысқа жиі қатысып, талаптарыңыз талмай, дарындылық қасиетіңіз арта берсін. Олай болса, алған білімдерімізді күнделікті өмірде қажеттерімізге жарата білсек, еңбектеріміздің еш кетпегені. Осыменен сайысымыз аяқталды. Сайысқа әділ баға берген әділқазыларымызға, қатысушыларымызға және көрермендерімізге үлкен рахмет. Қош, сау болыңыздар!

